

Салық кодексі



ЖАЛПЫ БӨЛІМ 1-бөлім. Жалпы ережелер 1-тарау. Негізгі ережелер

- 1-бап. Қазақстан Республикасының салық заңнамасы
- 1. Қазақстан Республикасының салық заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Кодекстен, сондай-ақ қабылдануы осы Кодексте көзделген нормативтік құқықтық актілерден тұрады.
- 2. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі осы Кодексте көзделмеген міндет ешкімге жүктелуге тиіс емес.
- 3. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер осы Кодексте белгіленген тәртіппен және жағдайларда белгіленеді, енгізіледі, өзгертіледі немесе күшін жояды.
- 4. Осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінің арасында қайшылықтар болған кезде салық салу мақсатында осы Кодекстің нормалары қолданылады. Осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, салық қатынастарын реттейтін нормаларды салықтық емес заңнамаға енгізуге тыйым салынады.
- 5. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартпен осы Кодекстегіден өзге ережелер белгіленсе, аталған шарттың ережелері қолданылады.

- 2-бап. Салық заңнамасының қолданылуы
- 1. Салық заңнамасы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады және жеке тұлғаларға, заңды тұлғаларға және олардың құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.
- 2. Салық әкімшілігін жүргізу, салық есептілігінің ерекшеліктерін белгілеу, сондай-ақ салық төлеушілердің (салық агенттерінің) жағдайын жақсарту жөніндегі өзгерістер мен толықтыруларды қоспағанда, осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізетін Қазақстан Республикасының заң актілері егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, ағымдағы жылдың 1 қарашасынан кешіктірілмей қабылдануы және олар қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап қана қолданысқа енгізілуі мүмкін.

3-бап. Қазақстан Республикасында салық салу принциптері

- 1. Қазақстан Республикасының салық заңнамасы салық салу принциптеріне негізделеді. Салық салу принциптеріне салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу міндеттілігі, салық салудың айқындығы, әділдігі, салық жүйесінің біртұтастығы және салық заңнамасының жариялылығы принциптері жатады.
- 2. Қазақстан Республикасы салық заңнамасының ережелері осы Кодексте белгіленген салық салу принциптеріне қайшы келмеуге тиіс.

Салықтар



Пропорционалды салықты тұрақты деп атайды.
Табыстың жоғарылауымен салықта пропорционалды түрде көтеріледі.

Прогрессивті салықта табыстан жоғары пайыз алынады.
Сонымен, табыстың көбеюімен салық жоғарғы пропорциямен көбейеді.